

Бекітемін:   
Қамқоршылық кеңесінің  
төрағасы Ербақыт Амантай

**Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектебінің  
2022-2023 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жалпы  
ережесі**

Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді.

**Жалпы ережелер**

Мектептің қамқоршылық кеңесінің ережесі оқу-тәрбие үрдісінің жақсаруын арттыруға, мектептің барлық кеңестерінің мүшелерін мектептің іс-шараларын ұйымдастырып, қатыстыртуға, өзін-өзі басқару жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылып, қабылданды.

**1. Мектептегі қамқоршылық кеңестің мақсаты:**

Мектептің оқу-тәрбие жұмысын дамытудың көкейтесті мәселелерін шешу.

**2. Міндеттері:**

1. Мектептің үздіксіз жұмыс істеуіне және дамуына ықпал ету;
2. Білім үрдісін жетілдіруге, білім сапасын арттыруға, оқу-материалдық және техникалық базасын жақсартуға қатысу;
3. Мектептің қаржы, материалдық және қолдаудың басқа түрлерін жүзеге асыруда күш-жігерді біріктіру, қызметі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қосымша ресурстарды тарту;
4. Білім үрдісіне қатысушылар құқығының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

**3. Атқаратын қызметі**

Мектептің Қамқоршылық кеңесі:

1. Мектептің жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;
2. білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;
3. жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шалаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

4. қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды;
5. білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;

Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

7. Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;
8. мектеп басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және жетім, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы есебін тыңдайды;
9. мектеп қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;
10. мектептің қызметімен, білім алушыларға жасалған жағдайлармен танысады, мектептің психологын қатыстыра отырып, олармен әңгімелеседі.

#### **4. Қамқоршылар кеңесі отырысының өткізілу тәртібі**

- 1 Қамқоршылар кеңесінің отырысы тоқсанына бір рет өткізіледі;
- 2 Қамқоршылар кеңесінің отырысы оның төрағасымен, қамқоршылар кеңесінің мүшелерімен, мектеп әкімшілігімен шақырыла алады;
- 3 Шақыру тәртібі және қамқоршылар кеңесінің отырысының өткізілуі мектеп әкімшілігінің бұйрығымен бекітіледі;
- 4 Қамқоршылық кеңестің отырысы, егер қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері отырыстың өткізілу уақыты мен орны туралы хабардар болса және оған мүшелерінің кемінде жалпы санының үштен екісі қатысса заңды болып табылады. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне немесе адамға сенімхат бойынша беруге жол берілмейді.
- 5 Дауыс беруде қамқоршылар кеңесінің әрбір мүшесінде бір дауыстан бар. Егер дауыс беру тең жағдайда болғанда шешуші дауысты қамқоршылар кеңесінің төрағасы өз даусымен шешеді;

#### **5. Қамқоршылар кеңесінің төрағасы:**

- 1 Қамқоршылар кеңесінің төрағасы бірінші отырыста құпия дауыспен сайланады. Сайлану уақыты 1 жыл
- 2 Құқықтары:
  - өз міндеттерін қоғамдық бастама ретінде жүргізеді;
  - жергілікті басқару органдары, ұжымдар, ұйымдармен араласып, олардың алдында қамқоршылар кеңесін ұсынады;
  - қамқоршылар кеңесінің жұмыстарын ұйымдастырады, басқарады;

- қамқоршылар кеңесінің қабылдаған шешімдеріне қол қояды;
- қамқоршылар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есебін дайындайды;
- мектеп әкімшілігімен байланыста болады;

#### **6. Қамқоршылық кеңестің мүлкі мен қаржысы**

1. Қамқоршылық кеңестің қаржысы оның мақсаттары мен міндеттеріне сай жұмсалады;
2. Жұмсалған қаржы туралы оның салымшыларын ақпараттандырып отырады;
3. Оқушылардың оқудағы жақсы үлгерім көрсеткіштері үшін және интеллектуалды, шығармашылық сайыстардағы көрсеткіштері үшін сый ақы тағайындай алады.

#### **7. Қарама қайшылықтар**

1. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі мектеп жұмысы үшін аянбай еңбек етуге міндетті. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі шешім қабылдағанда өз жеке басын ойлап, мектептің коммерциялық мүмкіндіктеріне қол сұқпауы керек.
2. Қамқоршылық кеңесі мүшелер арасындағы қарама қайшылықтар және оны шешу туралы жағдайды мектеп әкімшілігіне хабарлауы міндетті.
3. Егерде қарама қайшылықтар шешілмеген жағдайда, оны шешу мектеп әкімшілігіне қарауға беріледі.

#### **9. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату**

Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

- 1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша;
- 2) білім беру ұйымын таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі:

- 1) өз бастамасы бойынша;
  - 2) білім беру ұйымындағы орнында үш ай бойы болмауы себепті
- Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығуы мүмкін.